«Зере» бөбекжай-бақшасының
«Еркемай» ортаңғы тобының
ата-анамен атқарылатын жұмыс жоспары
2024-2025 оқу жылы

№	Ата-аналар міндеті және құқығы	Уақыты	Атқарушы
	Жиналыс №1		
1	«Бала өмір жалғасы» баяндама.	Қыркүйек	Тәрбиешілер Кожаева У.С. Дуйсебаева К.С. Ата-аналар ұйымы
2	«Дара бала» желісіне түсінік беру		
3	№289 бұйрықпен таныстыру		
4	Қатысым, төлем ақы, тазалық жөнінде		
	Жиналыс №2		
1	«Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы» баяндама	Желтоқсан	Тәрбиешілер: Кожаева У.С. Дуйсебаева К.С. Ата-аналар ұйымы
2	Тазалық – денсаулық кепілі		
3	Жаңа жылдық ертеңгілікке шолу		
	Жиналыс №3		
1	Мектепке дейінгі балалардың қауіпсіз жүріс-тұрыс дағдыларын қалыптастыру.Кеңес	Ақпан	Тәрбиешілер Кожаева У.С. Дуйсебаева К.С. Ата-аналар ұйымы
2	8-наурыз-халықаралық әйелдер мерекесі.		
3	22-наурыз-Ұлыстың ұлы күні		
4	«Алғашқы ұстаз-ата-ана» дөңгелек үстел		
	Жиналыс №4		
1	2024-2025 оқу жылының қортындысы	Мамыр	Тәрбиешілер Кожаева У.С. Дуйсебаева К.С. Ата-аналар ұйымы
2	Тазалық мәселелері		
3	Жаз мезгілінде жүргізілетін жұмыстар		

Ата - аналар жиналысының хаттамасы № 1

10.09.2024ж.

« Еркемай» тобы

Қатысуға тиісті: 24

Қатысқандар: 10

Күн тәртібінде

1. «Бала-өмір жалғасы» баяндама
2. «Зере» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісінің м.а. А.Ж.Ермухамедова «Дара бала» желісіне түсінік беру.
3. Балабақша медбикесі М.К.Алина «Жұқпалы ауруларға қарсы екпенің маңыздылығы,№289 бұйрықпен таныстыру»
4. «Біртұтас бағдарламасы бойынша және қатысым,төлем ақы,тазалық жөнінде топ тәрбиешілері: Дуйсебаева К.С.,Кожаева У.С.

«Бала-өмір жалғасы» баяндама.

«Бала естігенін айтады,көргенін істейді»-деп қазақ халқы бекер айтпаған.Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы зор.Кішкентай сәбилеріміз ата-анасының,тәрбиешісінің, достарының мінезінен,жүріс- тұрысынан,сөйлеген сөзінен,істеген ісінен үлгі алуға тырысады.Бала бойына адамгершілік қасиеттерді ойын,салт-дәстүр,мақал-мәтелдер,ертегілер,жұмбақтар,айтыс өлеңдер арқылы сіңіру ата-ана мен тәрбиешілердің басты міндеті.Ертегінің тәрбиелік мәні зор.Ол сәбидің қиялына қанат бітіріп,бойындағы игі қасиеттердің қалыптасуына жол бастайды.Мысалы: «Шалқан» ертегісін тыңдап болған соң,балалар шалқанды көптің көмегімен жұлып алғанын білді.Ал, «Ақмышым» ертегесін тыңдап болып,кішкентай бүлдіршіндер қамқорлық,мейірімділік сезімдерімен танысты.

Адамгершілік дүниесіндегі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан қымбат қазыналарымыздың бірі-бесік жыры,мақал-мәтелдер болып келеді.Сәбилер «бесік жырын» тыңдай отырып,ананың бесік жырымен,әлдиімен,өзінің туған тілінің әуенінен тұңғыш рет нәр алады.Мақал-мәтелдер арқылы кішкентай бүлдіршіндеріміздің қайырымдылық,ілтипат сезімдерін арттырамыз,адамгершілік сезімдерін оятамыз.

«Үлкенге – құрмет,кішіге –ізет» деген мақал-мәтел арқылы бала бойына үлкенді құрметтеу, қамқорлық сезімдерін туғызамыз.

Балаларды еңбек сүйгіштікке баулу арқылы,адамгершілік,эстетикалық қасиеттерін дамытуға болады.

Өз-өзіне қызмет ету;

-Кішкентай топтарда балалар тәрбиеші көмегімен киініп,жуынып,сүртінеді,бір-біріне көмектеседі, «рахмет,кешір,өтінемін» сөздерін айтуға баулу.Ұжымда қарым-қатынастарын қалыптастыру.Осылайша мейірімділіктің негізі қаланады немқұрайлықтың пайда болуына,құрбыларына,үлкендерге қалай болса солай қарауға мүмкіндігі жасалмайды.

-Тұрмыстық қызметте топтағы ойыншықтарды жинау,оларды күтіп ұстау,топты таза ұстау.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне қажет ермексаз,тақтайша,қылқалам т.б. дайындауға көмектесуі.Осылайша біз бүлдіршіндерімізді қайырымдылыққа,кішіпейілдікке шақырып,жақын адамдарына қамқор болуға үйретеміз.

-Серуен кезінде гүлдерді қопсыту,шөптерін жұлу ойын алаңымызды таза ұстауға үйрету.Бірде серуенде сәбилерді жапырақ жинауға шақырдым,балалар 2-3 жапырақ жинаған соң «жинағым келмейді» деп тарай бастады.Сол кезде мен жұмыс жоспарын

ойын жоспарына айналдырып жібердім,әкелген жапырақтардан бастарына гүлшоқ жасадым,оны көрген кішкентайлар қуанып,бәрі де жинай бастады.Бұл серуенде балаларды тек қана жапырақ жинауға емес,топпен жұмыс жасауға,үлкендерге көмектесуге,еңбексүйгіштік қасиетінің алғашқы игеріміне баулыдым.Әрбір жасалынған істен кейін «Жарайсыңдар балалар! Тобымыз немесе ойын алаңымыз қандай сәнді болып қалды,бәрекелді!» деген сөздерді есту арқылы жасаған еңбектерінің дұрыс екеніне көз жеткізеді.Ұжым болып жұмыс жасай білуі, ұқыптылық, ізденпаздық, аяушылық, қамқорлық, сезімдерін бойына сіңіруі аса маңызды.

Жас ұрпақтың бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру-ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті.Кішкентай бүлдіршіндеріміздің бойына ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, адамгершілік қасиеттерін сіңіріп,өз-өзіне деген сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен тәрбиешілер шешуші рөл атқарады.

Адамгершілікке,еңбексүйгіштікке тәрбиелеу күнделікті балабақша өмірінде,тәрбиешінің жұмыс күнін ұйымдастыру процесінде,ойын және оқу ісінде жоспарлы түрде қамтылады.Тәрбиешінің тәртібі,іс-қимылы,балалармен,үлкендермен қарым-қатынасы кішкентай сәбилер үшін үлгі болып,олардың жеке басының қалыптасуына етеді. Балабақша мен отбасы арасындағы тығыздық артқан сайын бүлдіршіндеріміздің адамгершілік құнды қасиеттері арта түседі.Осыдан келіп,бүлдіршіндерімізде жақсы қылықтар,ұжымдық қарым-қатынас,адамгершілік сезімдері,еңбексүйгіштік,үлкендер еңбегін құрметтеу,жауапкершілік,патиорттық сезімдер туралы түсініктер қалыптасады. Кішкентай бөбектеріміз адамгершілік қасиеттерді ата-анасынан, үлкендерден, тәрбиешілерден насихаттау арқылы емес, тек шынайы көру,сезіну қатынасында алады.Адамгершілік құнды қасиеттерінің негізі отбасында қалыптасады.

Адамгершілік тәрбие отбасынан бастау алатын болғандықтан инабаттылық,мейірімділік,ана сүтімен,ана тілімен келетіні анық.Сол себепті халық даналығы: «Сүтпен біткен мінез,сүйекпен кетеді»бекер айтпаған.Дана,ойшыл Абай атамыз бұл туралы былай деген: «балаға мінез үш алуан адамнан жұғады: біріншісі-ата-анасынан,екінші-ұстазынан,үшінші-құрбысынан».

Адамгершілік әр адамға тән асыл қасиеттер.Адамгершіліктің қайнар көзі-халқында,отбасында,олардың өнерлерінде,әдет-ғұрпында.Әр адам адамгершілікті күнделікті тұрмыс-тіршілігінен,өзін қоршаған табиғаттан бойына сіңіреді.

Қазақ халқы баланы жастайынан жақсы әдеттерге баулыған. «Үлкенді сыйла,жолын кеспе» деген ұлағатты,тыйым сөздердің мәні зор.Бала бойына кішіпейілдік,сыпайылық,сыйластық сияқты қасиеттерді сіңіре білсек,адамгершілік тәрбиесінің жемісіне бөленетініміз анық!


Баланың ой-өрісі –білім мен қоршаған дүниені тануға қызығушылығы,талаптанушылық,рухани байлығының бейнесі.Баланың ой-өрісі көбіне жаңұя жағдайымен,ата-ананың ықпалымен қамқорлық етуіне байланысты рухани дамып отырады.Сәбимен алғаш тіл қатып,қарым-қатынас жасаудың өзі де оны әр түрлі әсерлерге бөлейді.Балаға негұрлым көңілді көп аударып,онымен әңгімелессе,айналасындағы заттармен,құбылыстармен таныстырса,соғұрлым оның құмарлығы артып,көп білгісі келеді.Балабақшадағы білім беру салалары бойынша жасалған ұйымдастыру іс-әректіндегі жасаған жұмыстарын жеке де көрген,білгендерін,үйренгендерін ата-аналарына көрсетуге,айтуға,жеткізуге асығады.Тәрбиеші балаға жеткізуге асығады.Тәрбиеші балаға көптеген қызықты заттар мен істерді таныстырады.Олар балаға әр түрлі ағаштардың жапырақтарын кептіруді,гүл өсіруді,табиғи материалдарды жинауды да көптеген нәрселерді үйретеді.

Базалардың тазалағы,тәртібі,төлем ақысы,себепсіз балабақшадан қалмауын,киімдері туралы айтылып өтті.

Ата-аналар өз ойларын айтып,ұсыныстарын білдірді.



"ЕРКЕМАЙ"ТОБЫ





Ата-аналар жиналысының хаттамасы №2

24.12.2024жыл

«Еркемай» ортаңғы тобы

Қатысуға тиісті: 23

Қатысқан: 9

Күн тәртібінде:

«Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы» баяндама;

Тазалық-денсаулық кепілі;

Жаңа жылдық ертеңгілікке шолу.

Тыңдалды:

Отбасының балаға тәрбие берушілік қызметтінің мақсаты - балаланың жасын, жеке ерекшелігін, психологиялық процестерін ескере отырып, жарасымды жетілген ұрпақты тәрбиелеу. Көздеген мақсатқа жету үшін отбасындағы тәрбие төмендегі міндеттерді шешеді.
- Отбасында баланың өсуіне, денсаулығына қамқорлық жасау, тазалықты қалыптастыру.
- еңбексүйгіштікке баулу, тұрмыстағы, үй шаруасындағы еңбекке құлшынысын арттыру, өзіне - өзі қызмет етуге үйрету.
- Отбасы мүшелерімен тіл табысып, дұрыс қарым - қатынас жасауға, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге үйрету .
- Әдебиетке, мәдениетке, өнерге тәрбиелеу. Бұл міндеттер жүзеге асу үшін бала дүниеге келген күннен бастап отбасында, қоғамдық орындарда, мектепте тәлім - тәрбие беріледі.
« Баланы жастан », « Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деген даналық сөздердің мағынасы өте терең. Себебі, есейіп кеткен соң баланың теріс мінезін, қалыптасқан қате көзқарасын өзгерту өте қиын. Осы кезде « Балаңыздың тәрбиесін бастамас бұрын, өзіңіздің мінез - құлқыңызды, өмірге көзқарасыңызды ой елегінен өткізіп, бақыладыңыз ба ? » деген сауал туады.
Ұлы педагог А. С. Макаренко : « Балалардың алдында беделді болуды қаламайтын ата – ана жоқ. Бірақ қалай, қай бағытта өнеге беріп, өсіріп келе жатқанын ойламастан, бала санасын рухани өктемдік жасап тәрбиелейтін ата – ана баршылық. Бұл беделді болудың қандай жолы? Мұндай жолмен келген адал баланың санасы жетілгенде өздігінен жойылады» деген.
Отбасы - барлығының басы, жан - жақты даумуының негізі болатын тәрбие институты. Отбасындағы ата - ана мен баланың қарым - қатынас нәтижесінде, адамгершілік, эстетикалық, дене тәрбиесінің алғашқы үлгілері қалыптасады. Ал әке мен шеше - баланың алғашқы тәрбиешілері.
Ата - аналар бала бақытының шынайы бағбаны болуы тиіс .
Бала бақыты - білімде. « Білім бір құрал. Білімі көп адам құралы сай ұста сықылды, не жасаса да келістіріп жасайды », - дейді А. Байтұрсынов.
Бүгінгі таңда болып жатқан өміріміздегі өзгерістерге байланысты ұстаздар мен ата - аналардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігі арта түсуде. Балаларды оқыту мен тәрбиелеуде отбасының басым ролін

мойындай отырып бірлесе жұмыс жасау керек. Әрбір ұстаз ата - аналармен қарым - қатынас жасауда түрлі тәсілдерді, қазіргі жаңа технологияларды пайдалана отырып, ата - ананың қызығушылығын арттыру мақсатында жұмыс жасаса, ата - ананың балабақшаға, тәрбиешіге деген көзқарасы өзгерер еді.

Ата - аналармен жұмысты ұйымдастырудың негізгі мақсаты:
* Ата - ананың өмірге деген көзқарасын өзгерту;
* Баланың бүгінгі жасаған қадамы ертеңгі тұлға қалыптасуына үлкен әсер ететінін атап өту;
* Ата — аналармен жұмыс жасаған кезде бірізділік қағидасын басшылыққа алу;
Ал міндеттері:
* Бала өміріне қолдау жасау, келешекте өз жемісін береді.
* Қоғам тарапынан көрсетілген қолдау, ата - ананың өміріндегі тұрақтылық пен болашаққа деген сенімін нығайтады.
Қазіргі уақытта жұртшылықтың балаларды тәрбиелеуге қатысы кеңейе түсіп, тәрбие жұмысы еңбек ұжымының күнделікті ісіне айналуда тәрбиешілердің практикасында ата - аналармен және көпшілікпен бірігіп жұмыс істеудің әр түрлі формалары қалыптасып, жемісті түрде қолданылуда. Олар ата - аналармен жекелеп және ұжымдық жұмыстар жүргізді.

Тазалық-денсаулық кепілі " Ата-аналарға кеңес беру
"Балалардың мәдени-гигиеналық дағдыларын қалыптастыру"
Бала отбасында пайда болады және ата - ана баласын тәрбиелеуді қашан бастау керек деп ойлайды. Баланы тәрбиелеу оның өмірінің алғашқы күндерінен басталады. Дұрыс дамып келе жатқан балалар нәресте кезеңінің соңында жақсы дамуға жетеді, қоршаған ортаға қызығушылық танытады. Олардың сөйлеуі түсінікті болады " кейбір дағдылар отбасы мен достарына деген сүйіспеншілікті дамытады. Ең маңызды міндет-моральдық қасиеттерді, жағымды қасиеттерді тәрбиелеу
мінез белгілері мен мінез-құлық дағдылары. Баланы тәрбиелеудің жалпы жүйесіндегі мәдени-гигиеналық дағдылардың маңызы зор. Гигиеналық әдеттер балалардың дені сау және мықты болып өсуіне көмектеседі. Ерте жастан бастап үйрету керек
балалардың тамақтанар алдында қолдарын жуу, таза жүру, аяқтарын сүрту, таза ауада болу - бұл оларды аурудан айтарлықтай қорғайды.
Өмірдің алғашқы 3 жылы-дағдыларды дамытуға қолайлы уақыт
мәдени мінез-құлық. Балаларды тәртіпке және тазалыққа үйрете отырып, біз тәрбиелейміз
оларда жалпы мәдениет, ұйымшылдық, заттарға және
еңбекке ересектер. Егер балалар аяқтарын ақырын сүртсе
бөлме, есіктің тұтқасын ашыңыз, сонымен қатар қағазды көтеруге жалқау болмаңыз
Пол, олар мәдени әрекет етуге және сонымен бірге еңбекті қорғауға үйренеді
ересектер тазалығын сақтау бойынша.
Тазалық-бұл мәдени дағдылардың бірі
адам. 3 жастан бастап баланы қолды жуып, құрғатуға үйрету керек
оларды сүлгімен сүртіңіз. Ата-аналар баланы ұқыпты және мұқият үйретеді
заттарыңызды, киімдеріңізді өңдеңіз. Оған тұрақты орын беріледі
киім сақтау, пальто ілгіш баланың өсу деңгейінде шегеленеді.
Ересектер балаларға пальто, көйлек емес, ілініп қоюды еске салады
және оны үнемі қадағалап отырыңыз.
Кішкентай балаға барлық әрекеттерді қалай түсіндіретінін көрсету керек
киіміңізді бүктеңіз, ол үшін жасалады.
Заттарды ұқыпты пайдалану, қоғамдық ортада өзін ұстай білу

орындар баланың мінез-құлқына мықтап енуі керек. Дұрыс сақтау
тамақтану кезіндегі дағдылар Балалардың денсаулығы үшін, тәрбие үшін өте маңызды
олардың жалпы мінез-құлық мәдениеті. Балалар белгілі бір уақытта тамақтануы керек
үстелге отыру-бұл нанның бір бөлігімен жүгірудің орнына тікелей. Бұзылған тамақ
денсаулыққа зиянды, бұл ас қорытуға әсер етеді, тәбетті әлсіретеді. Үшін
тамақтанудың мәдени әдеттерін тәрбиелеу өте маңызды дұрыс қызмет көрсету
кесте. Үстелдің әдемі көрінісі тәбетті тудырады және жағымды әсер етеді
мәдени әдеттерді меңгеру. Балаларды қолдануға үйрету керек
майлық. Тамақтану кезінде балалар сөйлеспеуі керек. Қажет
балаларға еденнен заттарды аузына алуға, жалпы ішумен ішуге қатаң тыйым салу
кружкалар, жуылмаған көкөністер мен жемістер бар.
Кішкентай бала үшін оған жақын адамдардың мысалы маңызды
адамдар. Әке мен ананың мәдени әдеттері - рөл үлгісі.
Сондықтан балалардың тазалық пен тәртіпке деген қажеттіліктері тек тәрбиелей алады
ата-аналардың өздері бұған үлкен мән береді және жеке
ережелерді орындаңыз
гигиена.
Дағдыларды тәрбиелеу кезінде дәйектілік пен дәйектілікті құрған жөн
біртіндеп оларды қиындатыңыз.
Мәдени-гигиеналық дағдыларды бекіту үшін үлкен маңызы бар
қызықты әңгімелер, өлеңдер, суреттер бар. Ересектерге тиесілі
балалардан белгіленген ережелерді орындауға шыдамдылықпен және табандылықпен қол жеткізу.

Жаңажылдық ертеңгілігіміз алдыңғы жылдан ерекше өтеді. Балалардың таңдауына ерік беріп түрлі киіпкерлер киімін киюлеріне рұқсат. Ересек топ болғандықтан биылғы жаңа жылымызда баланың бойындағы ерекшеліктерге мән беріп, әр баланың өзіне тән қасиеттерін ашуға тырысамыз. Тақпақтарымен ән айту деңгейлері және биге жасалатын қимылдарды балалар өз жас ерекшеліктерін сай деңгейде көрсетуде.



"Еркемай"тобы





«Зере» бөбекжай-балабақшасы
«Еркемай» кіші тобының ата-аналар жиналысының хаттамасы

Хаттама №3

Уақыты: 04.03.2025жыл
Жалпы балалар саны 24
Қатысқаны-15
Себепті-4
Себепсіз-5

Күн тәртібі
1. Қатысым, бала саны және тазалық
2. 8-наурыз және 22-наурыз мейрамдары жөнінде хабарламалар
3. Әртүрлі мәселелер.
4. «Мен қандай Анамын» тренинг

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісінің у.м.а. Ермухамбетова А.Ж. сөз алды. Бүгінгі ата –аналар жиналысының күн тәртібімен таныстырды.Оқыту мен тәрбиелеу үрдісі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде жүргізіледі деп, әрі қарай сөзді балабақша әдіскерінің у.м.а. Жанаева Г.И. берді. 2023-2024 оқу жылында мақсат міндеттер айқындалып, мектепке дейінгі тәрбие мен үлгілік оқу бағдарламасы бойынша білім саласының мазмұнын меңгерді. Жыл бойы өтілген, өткізетін іс-шаралар жоспарымен таныстырып балалардың мониторинг деңгейін атап өтті.

Топ тәрбиешілері Кожаева У.С. және Дуйсебаева К.С. сөз кезегін алып балабардың алда өткізетін ертеңгіліктері жөнінде сөз қозғалды. Олардың бұл шарада киетін киімдері мен өнерлері талқыға салынды.

«Мен қандай анамын» тренингі өтті. Ата-аналар барлығы тренингті көңілді өткізіп,жиналысты аяқтады.


Қаулы:
1. 2024-2025 оқу жылы I жарты жылдық бойынша балалардың ұйымдастырылған оқу-тәрбие жұмыс процессі қанағаттандырылсын.
2. Балалардың қауіпсіздік ересжелерінің талаптары қатаң ақталсын
3. Ертеңгілікке байланысты мәселелер шешілді.


Хатшы: Кожаева У.С.





"Еркемай" тобы





Ата-аналар жиналысының хаттамасы №4

«Еркемай» тобы
20.05.2025ж.

Қатысқандар:15
Қатыспағандар:8

Күн тәртібінде:

1. Балалардың төлем ақысы туралы айтылды.
2. Балалардың жетістіктері жайында айтылды
3. «Тазалық-денсаулық кепілі»балабақшамыздың медбикесі Маржангүл Құланқызы
4 Балалардың ойын алаңына безендіру,сырлау жұмыстарына тоқталды.

- балабақшаға уақытылы келу,кешікпеу;
- ата-аналардың шағым-ұсыныстары.

Тыңдалды.

Алғы сөзді тәрбиеші Камшат Серікбайқызы бастады.Ата-аналармен амандасып,балалардың жетістіктерін,деңгейі жөнінде айтып өтті.Күнделікті балабақшамыздың жұмыс уақыты сағат 8-30дан басталып,18:00 ге дейін екіні туралы ескертті.Балалардың төлем ақысына тоқталып,төлем ақыны уақытылы кешіктірмей төлеулерін талап етілді.

Умида Сайпадинқызы бес дағды бойынша күнделікті кестемен ұйымдастырылған оқу қызметі өтілетіндігі туралы,яғни әр дағдыға тоқталып,атап өтті.Ұйымдастырылған оқу қызметі ауызша және шығармашылық түрде,оқу ұзақтығы 10 минуттан тұратыны туралы мағлұмат беріп өтті.Балалардың жүргізілген жұмыстары ата-аналарға көрсетіліп,таныстырылды.

«Зере» бөбекжай-балабақшасының уақытша міндетін атқарушы Гаухар Сағынбайқызы ата-аналарға түсіндіру жұмыстарын жүргізіп,ата-аналардың сұрақтарына толық жауап берді.

Балабақша медбикесі-Маржангүл Құланқызына сөз берілді.
Балалардың денсаулығына,тазалығына көңіл бөлуді өтінеді.Күнделікті таза киім киіндіру,шаштарын алу,тарау,тырнақтарын уақылы алу керектігін,балабақшаға ауырған балаларды дәрігер анықтамасынан кейін әкелетінін,ауырса дәрігерге қаралу керектігін ескертеді.
Оқу жылының жылдық қорытынды есебін Умида Сайпадинқызы балалардың оқу іс-әрекетіне үлгерімін айтып өтті.Балаларды серуен уақытында балалар белсенді қимыл қозғалыстары,ойын әрекеттері жан-жақты дамитынын айтты.
Камшат Серікбайқызы алдағы уақытта балалардың киімдері туралы айтылып,балаларға ойын алаңын безендіру жөнінде және ойын алаңында құмға ойнауға балалардың қолдарына құммен ойнауға ойыншық шелек,қалақ болса,ауызбіршілікпен сырлау жұмыстарын бірге жасасақ деген ұсыныстар айтылды.

Қаулы:

- Ата-аналар балаларының жыл соңындағы жылдық есебімен танысты.
- Ата-аналармен мен тәрбиешілер бірлесіп жұмыс жасалынсын.
-Ата-аналар тәрбиешімен тығыз байланыста,қарым-қатынас жасау жұмыстар жандандырылсын.

Топ тәрбиешілері: Дуйсебаева Камшат Серикбаевна
Кожаева Умида Сайпадинқызы



АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫ

